

**Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне берілетін қарыздар бойынша кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсыну шарттары мен тетіктерін айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 маусымдағы № 744 Қаулысы  
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңының 15-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне берілетін қарыздар бойынша кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсыну шарттары мен тетіктері айқындалсын.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*  
Қ а з а қ с т а н  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы  
№ 7 4 4 қ а у л ы с ы н а  
қ о с ы м ш а

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
К. Мәсімов*  
Р е с п у б л и к а с ы  
5 маусымдағы

**Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне берілетін қарыздар бойынша кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсыну шарттары мен тетіктері**

**1. Кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсыну шарттары**

1. Қарыздар бойынша кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсынуды индустриялық-инновациялық жобаларды (бұдан әрі – жобалар) іске асыру үшін индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне (бұдан әрі – субъектілер) берілетін екінші деңгейдегі банктердің қарыздары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын қаржы агенті жүзеге асыратын шарттар мыналар болып табылады:

- 1) қаржы агентінің кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсынуға қатысу мөлшері жоба сметасы сомасының 80 %-ынан (сексен пайызынан) аспауы тиіс;
- 2) жоба сметасы шеңберіндегі субъектінің және (немесе) өзге үшінші тұлғаның

қаржыландыру үлесі ақшалай қаражатпен жүзеге асырылады;

3) жобаны іске асыру бойынша тәуекелдер толық көлемде жабылған, оның ішінде қ а м т а м а с ы з е т і л г е н ;

4) кепілдік міндеттемелер және кепілдемелер жиырма жылдан аспайтын мерзімге ұ с ы н ы л а д ы ;

5) жобалық шешімдердің технологиялық және техникалық негізделуі.

## **2. Кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсыну тетіктері**

2. Екінші деңгейдегі банктердің қарыздары бойынша кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсыну үшін субъекті қаржы агентіне еркін түрде өтініш беру жолымен жүгінеді және мына құжаттарды ұсынады:

1) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы құжаттың көшірмесі, заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы куәліктің\* немесе анықтаманың көшірмесі.

Ескертпе: \*«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып т а б ы л а д ы ;

2) заңды тұлғалар үшін құрылтайшы құжаттардың көшірмелері;

3) ж о б а н ы ң б и з н е с ж о с п а р ы ;

4) өтініш берердің алдындағы соңғы есептік жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша заңды тұлғаның бухгалтерлік балансы;

5) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша қарыздардың болмауы туралы салық о р г а н ы н ы ң а н ы қ т а м а с ы ;

6) құқықты куәландыратын құжаттардың көшірмесі, оның ішінде кепіл түрінде шығарылатын жылжымалы және жылжымайтын мүлікке ауыртпалықтың бар болуы н е м е с е ж о қ т ы ғ ы т у р а л ы ;

7) қайта жаңғыртуға (техникалық қайта жарактандыруға) және жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейтуге бағытталған жобаның сипаттамасы және оны іске асырудан жоспарланатын экономикалық және қаржылық тиімділік;

8) жобаны қаржыландыруда субъектінің және (немесе) өзге үшінші тұлғаның ақшалай қаражатымен қатысуын растайтын құжаттар.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2013 N 1363 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз).**

3. Кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсынуды қаржы агенті субъект ұсынған құжаттарды қарау және талдау нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

4. Қаржы агенті өтініш түскен күнінен бастап екі ай ішінде осы субъектілерге берілетін қарыздар бойынша кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсыну шарттары мен тетіктерінің (бұдан әрі – шарттар мен тетіктер) 2-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарды қарайды.

5. Тиісті құжаттарды қарау нәтижелері бойынша қаржы агенті үш жұмыс күні ішінде кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсыну немесе ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

6. Кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда қаржы агенті үш жұмыс күні ішінде субъектіге тиісті негізделген хабарлама жібереді.

7. Кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсынудан бас тарту туралы шешім мына негіздемелер бойынша қабылданады:

1) субъектінің осы шарттар мен тетіктердің 1-тармағына сәйкес айқындалған шарттарға сәйкес болмауы;

2) субъектінің осы шарттар мен тетіктердің 2-тармағына сәйкес айқындалған қажетті құжаттарды ұсынбауы.

8. Кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсыну туралы шешім қабылданған жағдайда қаржы агенті бес жұмыс күні ішінде субъектімен кепілдік міндеттемелерді және кепілдемелерді ұсыну туралы шарт жасасады.